

БЕКІТЕМІН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі м.а.
профессор Нажи Генч
« 30 » « 04 » 2024 ж.

БЕКІТЕМІН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж. Темирбекова
« 30 » « 04 » 2024 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ- 027 -2024


УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департаментпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
 - Академиялық департамент директорының орынбасары М.Келеш
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
 - Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Л.Ибрагимова
 - Тіркеуші офис басшысы Ғ.Қолдасбеков
 - Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы А.Досболов
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Нурсой
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2024
5. Тексеру мерзімі - 2026

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Түркістан, 2024



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1.	Қолданылу саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4.	Жауапкершілік және өкілеттілік	6
5.	Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау өткізу	7
6.	Білім алушылардың үлгеріміне аралық аттестаттау өткізу	8
	6.1. Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу	8
	6.2. Емтихан жұмыстарын тексеру	13
	6.3. Емтиханды кестеден тыс тапсыру	14
	6.4. Емтиханды қайта тапсыру	14
	6.5. Жазғы семестрді ұйымдастыру және өткізу	15
7.	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан өткізудің тәртібі	16
8.	Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу	17
	8.1 Жалпы ережелер	17
	8.2 Кешенді емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі	20
	8.3 Диплом жұмысын (жобасын) қорғауды ұйымдастыру, өткізу және рәсімдеу тәртібі	21
	8.4 Қорытынды аттестаттау нәтижелерін жариялау рәсімі	22
	8.5 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген білім алушылар	24
	8.6 Жалпы ережелер (Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша)	24
	8.7 Білім алушыларды магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны қорғауға жіберу және қорғау рәсімі	26
9.	Аттестаттау нәтижелеріне апелляция өткізу	30
10.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	31
11.	Келісу, сақтау және тарату	31
12.	Қосымшалар	32
13.	Танысу парағы	67
14.	Өзгерістерді тіркеу парағы	68

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің шарттарын белгілейді.

1.2. Бұл ереже Ахмет Ясауи университеті – білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3. Университеттің осы ережесі университеттің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4. УЕ-ХҚТУ-027-2024 Университет ережесі сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен);
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген.
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы.
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарда басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ – Университет ережесі;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

Департамент – Академиялық департамент;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;

ОЖҰБ – Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі;

ЖБКББ – Жоғары білімнен кейінгі білім беру бөлімі;

ТО – Тіркеуші офисі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 4-ші беті

ӨБС – Өлшеу және бағалау секторы;
 ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;
 ОҚКЕ – Объективті-құрылымдық клиникалық емтихан;
 МЕК – «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан комиссиясы;
 АК – Аттестаттау комиссия;
 ҚА – Қорытынды аттестаттау;
 МЖМС – Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
 ББ – білім беру бағдарламасы.

3.2 Университеттің осы ережесінде төмендегі анықтамалар қолданылады:

- *академиялық күнтізбе* – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

- *академиялық адалдық* – білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (эссе, жоба қорғау), емтихандағы жауап, зерттеулердегі, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге білім алушылармен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;

- *академиялық ұтқырлық* – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

- *академиялық кезең* – семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуінен тұратын теориялық оқу, аралық аттестация, практика, демалыстар, қорытынды аттестаттау кезеңінен тұрады;

- *академиялық кредит* – білім алушының/оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

- *академиялық қарыз* – білім алушының білімін аттестаттау кезінде «қанағаттанарлықсыз» деп бағалау. Білім алушы қарызын белгіленген мерзім аралығында қарызын жою тиіс.

- *білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау* (апталық бағалау) – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

- *аралық бақылау* - бір академиялық кезең ішінде бір оқу пәні шеңберінде екі рет (теориялық оқытудың 7-ші және 15-ші апталарында) өткізіледі және 100 балдық шкала бойынша қойылатын 1 (РК1) аралық бақылау және 2 (РК2) аралық бақылау балдары түрінде қойылады. Әрбір аралық бақылау бойынша бағалау білім алушының бағаланатын кезеңде алған ағымдағы бағаларынан құралады. РК1 (РК2) үшін ең жоғары балл – 100 балл. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы жинақтаушы сипатқа ие және үлгерімнің ағымдық бақылауының бағалары мен аралық бақылаудың бағасынан құралады (семестр бойы 2 аралық бақылау).

- *1-аралық бақылау* (Блок 1) - Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің 7-аптасында (семестр), 5-аптасында (триместр), 4-аптасында (квартал) оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 5-ші беті

- *II-аралық бақылау* (Блок 2) - Академиялық күнтізбеге сәйкес, академиялық мерзімнің 15-аптасында (семестр), 10-аптасында (триместр), 8-аптасында (квартал) оқытушының тарапынан білім алушының оқудағы жетістіктерін қорытындылап, бағалау;

- *білім алушыларды аралық аттестаттау* – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

- *білім алушыларды қорытынды аттестаттау* (Qualification Examination) - тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

- *қорытынды бақылау (емтихан)* – *аралық аттестаттау* кезінде пәнді оқу аяқталғаннан кейін жүргізілетін білім алушының оқу жетістіктерін бақылау. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар, кему шамасына қарай, "A"-дан "D" - ға дейін және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F",) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалаулар.

- *"FX" "қанағаттанарлықсыз" бағасы* – оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап өтпей-ақ академиялық күнтізбесіне сәйкес қорытынды бақылауды (емтиханды) бір реттен артық емес қайта тапсыру;

- *"F" "қанағаттанарлықсыз" бағасы* – оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады;

- *жазғы семестр* - білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апталық (бітіруші курсты қоспағанда) кезең.

- *білім алушылардың оқудағы жетістігі* - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;

- *білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (рейтинг)* - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

- *білім алушының өзіндік жұмысы* (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 6-ші беті

- оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) - жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

- жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасы (ТжКОБ ұйымдары үшін үлгілік және оқу жұмыс жоспары негізінде) мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

- кредиттік оқыту технологиясы – білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;

- қашықтықтан білім беру технологиялары (бұдан әрі – ҚБТ) - ақпараттық – коммуникациялық технологиялар пайдалану арқылы білім алушылар мен оқытушының уақыт пен кеңістікке тәуелсіз емес оқу процесін ұйымдастыру;

- оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін білім деңгейін балл түріндегі бағалау жүйесі;

- офис регистратор – білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын олардың меңгерген кредитін есептей отырып тіркеумен шұғылданатын және білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды, оның академиялық рейтингісін есептеуді ұйымдастыратын академиялық қызмет;

- оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы ретінде білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

- пререквизиттер (Prerequisite) - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер тізбесі;

- постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

- силлабус (Syllabus) - пәннің мақсаты, міндеті, құзыреттерін, қысқаша мазмұнын, әр сабақтың тақырыбы мен ұзақтығы, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, жұмысты тапсыру кестесін және қажетті әдебиеттер тізімін қамтитын жұмыс оқу жоспары;

- транскрипт (Transcript) – білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;

- үлестірме материал - білім алушының тақырыпты табысты игеруі үшін үлестірілетін көрнекі иллюстративті материал (тезистер, мәтіндер, сілтемелер, мысалдар, глоссарийлер, өзіндік жұмысқа арнаған тапсырмалар және т.б.).

- апелляциялық комиссия - университеттің барлық білім беру бағдарламаларындағы білім алушылардың (тыңдаушылар, бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және PhD докторантура) аралық және қорытынды аттестаттаудан өту кезінде білімді бағалауға қатысты даулы мәселелерді қарастыратын комиссия.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 7-ші беті

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі департамент басшысына жүктеледі.

4.4 Осы ереже «ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару» процедурасына сәйкес басқару жауапкершілігі СРСО басшысына жүктеледі.

5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ӨТКІЗУ

5.1 Білім алушының ағымдағы оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

- ағымдағы бақылау (апталық бағалау);
- аралық бақылау (блок, РК1, РК2);

5.2 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық, аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

5.3 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру арқылы жүзеге асырылады.

5.4 Аудиториялық сабақ кезінде ағымдық бақылау жүргізіліп, білім алушының өзіндік тапсырмаларының орындалу сапасына бақылау жүргізіледі. Оқу үдерісі барысында 7 және 15 аптасында (семестр), 5 және 10 аптасында (триместр), 4 және 8 аптасында (квартал) жинақталған балдық көрсеткіштері бойынша 2 аралық бақылау нәтижелері жинақталады.

5.5 Ағымдық бақылаудың қорытынды нәтижелері университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесіндегі тізімдемеге балдық көрсеткіштермен апта сайын қойылады. I және II аралық бақылаудың нәтижелері тізімдемелерде тіркеледі.

5.6 Әр аралық бақылаудың жоғары көрсеткіші 100 баллдан тұрады.

5.7 Бағасын көтеру мақсатында аралық бақылау нәтижесін өзгертуге жол берілмейді.

5.8 Білім алушы дәлелді себептермен (денсаулық, отбасылық және қызметтік жағдайларға байланысты) ағымдағы бақылауға (апталық бағалау) қатыса алмаған жағдайда, дәрігерлік анықтама немесе ресми құжат негізінде факультет деканының өкімімен аралық бақылау мерзімі ұзартылады.

5.9 Білім беруді ұйымдастырудың тиімділігін, сапасының деңгейін және білім алушылардың білім жетістіктерін анықтауды университетте Академиялық департамент іске асырады.

5.10 Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауының нәтижесі білім алушының семестр бойы жұмысының көрсеткіші ретінде ағымдық аттестаттау болып табылады.

5.11 Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауы олардың үлгерімін және сабақтарға қатысуларын анықтауды көздейді, олардың қатынасы бақылау кезеңіндегі әр білім алушының оқу кезіндегі және материалды игеру кезіндегі белсенділігін білдіреді.

5.12 Ағымдық бақылау кезінде білім алушының сабақтардағы белсенділігі, бақылау шараларын дер кезінде өткендігі, теориялық сабақтарды игеру дәрежесі, тәжірибелік машықтану дәрежесі, өзіндік жұмысқа қабілеттілігі ескеріледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 8-ші беті

5.13 Ағымдық бақылау нәтижелерін білім алушылар университеттің автоматтандырылған ауу.edu.kz домені бар жүйесінен көре алады.

5.14 I және II ағымдық бақылаудың орташа нәтижесі 50 ұпайға жеткен жағдайда білім алушы емтиханға жіберіледі.

5.15 Факультет деканы екі аралық бақылау нәтижесінде (I, II аралық бақылаудың арифметикалық орта мәні) 50 балдан кем емес ұпай жинаған, төлемақыдан (ақылы оқытындар үшін) қарызы жоқ, академиялық демалыста жүрмеген білім алушыларды емтиханға жіберу өкімінің көшірмесі ТО өткізіледі.

5.16 Пән бойынша қорытынды бағаны санау үшін білім алушы екі аралық бақылаудың нәтижесі бойынша және емтихандық (қорытынды) бақылау бойынша оң бағалар алуы қажет. Қорытынды бағаны санау мына формула бойынша жүргізіледі: Қорытынды баға = $(AB1+AB2)/2 \times 0,6 + KB \times 0,4$

5.17 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесінде бағаланады (қосымша 1).

Тілдер бойынша (шетел тілі, қазақ (орыс) тілдері) білім алушылардың оқудағы жетістіктері қосымша 2-сәйкес «Білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS дәстүрлі бағалар шәкіліне сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі» бойынша бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыретіне (бұдан әрі-OЕК) (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады (қосымша 2).

6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ

6.1. Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу

6.1.1 Білім алушыларды аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.1.2 Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, курстық жұмыстарды (жобаларды), кәсіптік практика бойынша есептерді қорғау нысаны түрінде міндетті түрде баға қою арқылы жүргізіледі.

6.1.3 Академиялық кезең басталғаннан екі айдан кеш емес уақыт ішінде факультет деканы әр оқу пәні бойынша емтихан нысанын (қосымша 3) факультеттің Оқу-әдістемелік комитет кеңесінде талқылап, ұсынысты университеттің факультеттің Оқу-әдістемелік комитет кеңесінде бекіту үшін Өлшеу және бағалау секторына өткізеді.

6.1.4 Емтихандар тұтас модуль бойынша немесе әрбір компоненті – оқу пәні бойынша тест-ЭЕМ, жазбаша, қос кезеңді (медициналық клиникалық пәндерге 1-кезең- тест-ЭЕМ, жазбаша (50% құрайды), 2-кезең – ОҚКЕ (объективті құрылымдық клиникалық емтихан (50% құрайды), шығармашылық, тәжірибелік, эссе, жоба қорғау және кешенді – әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология пәндері) бойынша тест түрлерінде өткізіледі.

Шығармашылық, тәжірибелік, эссе, жоба қорғау емтихандарының бағалау парағы (қосымша 9, 10) сиплабустағы күтілетін оқыту нәтижелерімен сәйкес болып, факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітілуі тиіс. Емтихан алдында бағалау парағы мөрмен рәсімделу үшін Өлшеу және бағалау секторына тапсырылады.

Емтихандар тұтас модуль бойынша тапсырылған жағдайда бір баға қойылады. Әлеуметтік-саясаттану білім модулінің емтихан бағасы жеке пән бойынша қойылады, бағалау және емтихан өткізу тәртібі (қосымша 10А), қатысу парағы үлгіге сәйкес дайындалады (қосымша 14А).

Бакалавриат деңгейіндегі барлық кадрлар даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының білім алушылары «Қазақстан тарихы» пәнінен оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады. Мемлекеттік емтихан жазбаша форматта өткізіледі (қосымша 4-1). Мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі осы ереженің 7-тармағында көрсетілген.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 9-ші беті

6.1.5 Емтихан сұрақтарын құрастыру бойынша талаптар:

- емтихан сұрақтарының күрделілік дәрежесі қалыптастырылатын пәннің оқыту нәтижелеріне байланысты болуы тиіс;

- емтихан сұрақтары пәннің оқыту нәтижелерін Блум таксономиясы негізінде бағалау бойынша деңгейлік сұрақтарды дайындауда бакалавр үшін – білім, түсіну, қолдану деңгейінде, магистратура – қолдану деңгейінде, талдау, бағалау, PhD докторантура – талдау, бағалау, құру етістіктері қолданылуы тиіс. (*қосымша 5*)

- Қазақстан тарихы, Философия, қазақ (орыс) тілі, шетел тілі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар МЖМС 1 қосымшасы, 6 және 7-тармақтарда көрсетілген қабілеттілікті бағалайтын сұрақтарды дайындау қажет.

6.1.6 **Тест-ЭЕМ емтихан** – тестілеу бағдарламаларын қолдану арқылы өткізілген тестке автоматты түрде қорытынды беретін бақылау түрі. Әр білім алушының емтиханы 50 тест тапсырмасынан тұрады.

Тест сұрақтарының саны бір кредитке 60 бірегей сұрақты құрауы тиіс.

6.1.7 **Кешенді емтихан** – білім беру бағдарламасының оқытудың белгілі нәтижелеріне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған модуль пәндердің мазмұндық бірлігі негізінде екі немесе одан да көп пәндер бойынша алынады. Бұл ретте қорытынды бақылау бағдарламасы кәсіби құзіреттілікке сәйкестігін анықтауға бағытталады.

6.1.8 **Жазбаша емтихан** – емтиханға бөлінген уақыт ішінде білім алушының оқу бағдарламасы шеңберіндегі деңгейлік сұрақтарға жазбаша жауабы арқылы жүргізілетін үш сұрақтан тұратын бақылау нысаны.

6.1.8.1 Жазбаша емтихан сұрақтарының әр деңгейінде контингентке байланысты 10-ға дейінгі білім алушыларға 20 сұрақтан, 10-30-ға дейінгі білім алушыларға 30 сұрақтан, 30-дан жоғары білім алушыларға 40 сұрақтан болуы тиіс.

6.1.8.2 Жазбаша жұмыс нәтижесін бағалау 100 балды құрайды:

- **бакалавриат, интернатура** – есте сақтау-20 балл, түсіну – 30 балл, қолдану – 50 балл;

- **магистратура, резидентура** -қолдану-20, талдау – 30, бағалау – 50 балл;

- **PhD докторантура** – талдау – 20, бағалау – 30, құру-50 балл.

6.1.8.3 Емтихан сұрақтарының (теориялық, практикалық) мазмұны үшін пән оқытушысы күтілетін оқу нәтижелерін меңгеру деңгейіне сәйкес әрбір жауаптың негізгі сипаттамаларын көрсететін жауапты бағалау шкаласын жасайды. Шифрланған жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін біліктіліктері сол оқу пәнінің бейініне сәйкес келетін және әдетте осы академиялық топта (ағымда) пән бойынша оқу сабақтарын өткізбеген жетекші профессорлар, доценттер, оқытушылар арасынан емтихан алушылар бағалайды. Емтиханның жауап парағын тексерушілер (*қосымша 6*) кафедра меңгерушілерінің ұсынысы негізінде деканның өкімімен тағайындалады.

6.1.8.4 Жазбаша емтихандардың жауап парақтарының бағалануына дешифрлеу жұмыстарына дейін вице-ректордың өкімімен іске асырылатын мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижесі бағаланған жұмыстың нәтижесімен сәйкес келмеген жағдайда:

- емтихан материалдары вице-ректордың визасымен факультет деканына жолданады;

- факультет деканының өкімі негізінде біліктілігі бейініне сәйкес комиссиямен емтихан материалдары қайта тексеріліп, бағаланады;

- бағаланған жұмыстардың нәтижесі дұрыс бағаланбағаны анықталған жағдайда, факультет деканы комиссия хаттамасының қорытындысы негізінде жазбаша жұмыстарды тексерген ПОҚ-на шара қолдануға ұсыныс береді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 10-ші беті

6.1.9 *Қос кезеңді емтиханның екінші кезеңі – Объективті құрылымдық клиникалық емтихан* – игерілген дағдыларды (клиникалық құзыреттілікті) бағалау үшін қолданылатын әдіс. Қабылданатын тәжірибелік дағдыларға оқытушылар және топтар электронды түрде тіркеледі. Емтихан қабылдаушылар электронды жүйеге өзінің логин және құпия сөзі арқылы енеді. Емтихан уақытына сәйкес білім алушылар бекеттерге кіріп дағдыларын тапсырады. Білім алушылардың келесі бекеттерге ауысуы қоңырау арқылы басқарылады. Емтихан қабылдаушылар білім алушыны аудио құрылғы арқылы тыңдайды және бір жақты көретін терезе арқылы іс-әрекетін бақылап, компьютердегі бағалау парағына белгі соғады және сақтайды (*қосымша 7, 8*).

6.1.10 *Шығармашылық емтихан* – белгілі шығармашылық қызметтің нәтижесі (таныстырылымдар, бейнероликтер, макеттер, суреттер және т.б.) түрінде берілген оқыту нәтижелерінің деңгейін бақылау түрі. Шығармашылық емтихан сауаттылығын, білім алушының креативті және шығармашылық ойлау қабілеттерін талап ететін тапсырмаларынан тұрады.

6.1.11 *Тәжірибелік емтихан* - білімін, тапсырманы орындау қабілетін көрсететін практикалық қабілеттілікті бағалау түрі (білім алушылар өз іскерліктерін, қабілеттерін, алған білімдерін қолдану).

6.1.12 *Эссе* – жазбаша алынатын емтихан түрі. Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетте бекітілген эссе тақырыптары (бір пәнге 10 тақырыптан кем емес), эссенің жазылу мақсатына қарай оған қойылатын талаптар, оны бағалау критерийлері және эссе жазу үлгілері білім алушыға алдын ала (аралық аттестаттаудан бұрын) ұсынылады. Білім алушы дайындаған эссені 14-ші аптада электрондық тасымалдағышта (CD, DVD, флэш т.с.с.) факультетте мәтінді пайдалану нысанына тексеруден өткізетін жауапты тұлғаға тапсырады. Жұмыс мәтіні көрсетілген форматтардың бірінде ұсынылуы тиіс: DOC, DOCX (Microsoft Word). Эссені тексеру процедурасы «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесінде» көрсетілген.

6.1.13 *Жоба қорғау* – жазылған зерттеу жұмысының нәтижесін ауызша түрде, емтиханның бағалау парағына белгі қойып, қорғайтын емтихан. Жоба тақырыптары және жоба жазу нұсқаулықтары мен жобаның жазылу мақсатына қарай оған қойылатын талаптары факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітіледі. Оның бағалау критерийлері силлабуста көрсетіледі. Білім алушы дайындаған жоба қорғауды 14-ші аптада электрондық тасымалдағышта (CD, DVD, флэш т.с.с.) факультетте мәтінді пайдалану нысанына тексеруден өткізетін жауапты тұлғаға тапсырады. Жұмыс мәтіні көрсетілген форматтардың бірінде ұсынылуы тиіс: DOC, DOCX (Microsoft Word). Жобаны тексеру процедурасы «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесінде» көрсетілген.

6.1.14 Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде бекітілген емтихан сұрақтары, Өлшеу және бағалау секторына, ал ОҚКЕ тапсырмалары Симуляциялық орталыққа өткізіледі.

Пән, модуль бойынша бағдарламалық тапсырмалар университеттің автоматтандырылған ауу.edu.kz домені бар жүйесінде аралық аттестаттау мерзіміне дейін жариялануы тиіс, білім алушыларға қол жетімді болуы керек.

6.1.15 Емтихан кестесі факультет мамандарымен түзіліп, дұрыстығы факультет декандарымен тексеріліп, аралық аттестаттаудан 2 апта бұрын Академиялық мәселелер вице-ректороммен бекітіледі, білім алушылар мен оқытушы-профессорларға тиісті факультет декандарымен хабарланады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 11-ші беті

6.1.16 Емтихандар аталған пән мен білім беру бағдарламасының өкілдері болып табылмайтын профессор-оқытушылар құрамы мен қосалқы қызметкерлерден ең кемі екі емтихан қабылдаушылардың бақылауымен өткізіледі.

6.1.17 Емтиханның шығармашылық, тәжірибелік, эссе, жоба қорғау түрлерін өткізу үшін кемінде 2 адамнан тұратын бейініне сәйкес біліктілігі бар жетекші ПОҚ-нан аралық аттестаттау басталғанға дейін кафедра меңгерушілерінің ұсынысы негізінде факультет деканның Өкімімен емтихан комиссиясы құрылады.

6.1.18 Тест-ЭЕМ түрдегі емтихандар бойынша тест тапсырмаларын Өлшеу және бағалау секторының жауапты жетекші маманы тестілеу базасына (модульге) енгізеді, білім алушыларды ТО тіркейді.

6.1.19 Өлшеу және бағалау секторының қызметкерлері емтиханға 1 апта қалған мерзімде жазбаша (*қосымша 11*), тәжірибелік, шығармашылық емтихан билеттерін, бағалау парақтарын бастырып шығарып, арнайы конверттерге салып, мөрлеп бекітеді (*қосымша 12*). Емтихан билеттері мен қатысу парақтары емтихан болатын күні емтихан өтетін орынға жеткізіледі.

Барлық емтихан түрлері бойынша қатысу парақтарын (*қосымша 13, 14*) емтиханнан бір күн бұрын Өлшеу және бағалау секторына факультет әдіскерлері жеткізеді.

6.1.20 Аралық аттестаттау басталғанға дейін Ақпараттық технологиялар департаменті тарапынан 2 апта бұрын техникалық құралдары тексеріліп, дайындық актісі жасалынады.

6.1.21 Барлық емтихандар қабылданатын аудиториялар бейнекамералармен, басқа техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

6.1.22 Барлық емтихандар бейнекамерамен бақыланады және түсірілген бейне жазбалар Ақпараттық технологиялар департаментінің қызметкерлерімен қадағаланып, 1 жыл сақталады.

6.1.23 Пән бойынша емтиханға екі аралық бақылау нәтижесінде (I, II аралық бақылаудың арифметикалық орта мәні) 50 балдан кем емес ұпай жинаған, төлемақыдан (ақылы оқитындар үшін) қарызы жоқ, академиялық демалыста жүрмеген білім алушылар декан өкімімен жіберіледі.

6.1.24 Курстық жұмыстарын (жоба) орындап, оң бағаға қорғап шықпаған білім алушылар сол пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

6.1.25 Емтиханға кіргізетін орынға, емтихан өтілетін аудиториялар мен коридорларға кезекшілер және емтихан қабылдаушылар кестесін факультет деканының ұсынысы негізінде ОЖҰБ дайындайды, Академиялық департаментпен келісіліп, вице-ректороммен бекітеді.

6.1.26 Емтихан қабылдаушылардың жұмысын үйлестіру, тәртіп пен тыныштықтың сақталуын қамтамасыз ету т.б. қажетті шараларды ұйымдастыру факультет декандарына жүктеледі.

6.1.27 Аралық аттестаттаудың өту барысын қадағалауды және мониторинг жасауды Академиялық мәселелер вице-ректорына қарасты құрылымдық бөлімдер, факультет декандары мен декан орынбасарлары (*қосымша 15*), студенттік ұйымдар өкілдерінен жасақталған жұмыс комиссиясы атқарады (*қосымша 16*).

6.1.28 Тест-ЭЕМ емтихандар өтетін аудиторияларда сынып мамандарының кезекшілігін ұйымдастыру кестесін дайындау Ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесе отырып, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөліміне жүктеледі.

6.1.29 Тест-ЭЕМ емтихандары өтетін аудиторияларда компьютерлерді (нөмірлеу, сәйкес бағдарламаны орнату) дайындау Ақпараттық технологиялар департаментіне жүктеледі, дайындығы туралы акт түзіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 12-ші беті

6.1.30 Аралық аттестаттау алдында білім алушыларды, профессор-оқытушылар құрамын, көмекші оқу құрамын осы ережемен таныстырып, танысу парақтарына қол қойдыру факультет деканына жүктеледі.

6.1.31 Білім алушылардың бекітілген кестеге сәйкес емтиханға келулерін факультет деканы қамтамасыз етеді.

6.1.32 Факультет әдіскері білім алушылардың барлық қатысу парақтарын аралық аттестаттау басталарға 1 апта қалғанға дейін емтиханға дайындап шығарады.

Қазақ (орыс), шетел, түрік тілі пәндерінен қатысу парағын деңгейлер бойынша дайындайды.

6.1.33 Факультет әдіскері бекітілген емтихан кестесі бойынша емтиханның қатысу парақтарын ОБС-на емтихан басталуынан 1 күн бұрын жеткізіп береді.

6.1.34 Тест-ЭЕМ түрдегі емтихандарда тесттік бағдарламасына кіруі үшін білім алушылардың жеке сәйкестендіру нөмірімен (ЖСН) жүзеге асырылады

6.1.35 Тест-ЭЕМ түрдегі емтихан қабылдаушылар әр білім алушы тестілеуді аяқтаған соң алған нәтижесін қатысу парағына тіркейді және білім алушыға қол қойдырады. Белгіленген тәртіппен компьютер терезесін жауып, келесі білім алушыға дайындайды.

6.1.36 Тест-ЭЕМ түрдегі емтихан аяқталған соң Ақпараттық технологиялар департаментінің өкілі емтихан қабылдаушылардан қатысу парағын және емтихан нәтижесін қабылдап, көшірмесін алып, түпнұсқасын ТО күнделікті тапсырып отырады.

6.1.37 ТО тест-ЭЕМ түрдегі емтихан нәтижелерін Ақпараттық технологиялар департаментінің өкілінен алып, пән оқытушысына университеттің автоматтандырылған ауу.edu.kz домені бар жүйесіне қойдыруды қадағалайды, емтихан тізбелерін дайындап шығарады.

6.1.38 Емтиханда кітап, дәптер, шпаргалка, ұялы телефон, басқа да электронды құрылғыларды пайдалануға, басқалармен сөйлесуге, хат жазысуға, себепсіз емтиханға кешігуге тиым салынады (*қосымша 17*).

6.1.39 Емтихан қабылдаушылар мен кезекшілер аталған ережелердің қатаң сақталуына жауапты болып табылады.

6.1.40 Тест-ЭЕМ және жазбаша емтихандарға білім алушылар теміріздегіш құралдары арқылы тексеріліп, жеке куәлікпен кіргізіледі.

6.1.41 Емтихан басталуға 30 минут қалған кезде Емтихан қабылдаушылар білім алушылардың жеке куәлігін тексереді, қатысу парақтарына қол қойдырады және олардың аудиторияда біркелкі отыруын қамтамасыз етеді (*қосымша 18*). Емтиханның басталу және аяқталу мерзімдері тақтаға жазылады.

6.1.42 Жазбаша емтиханға берілген уақыт (2 сағат) аяқталған соң, емтихан қабылдаушылар емтихан жұмыстарын жинап алып, шифрлеу жұмыстарын атқару үшін ТО тапсырады.

6.1.43 ТО өкілі дешифрлеу жұмыстары біткеннен соң, емтихан нәтижелерін қатысу парағына түсіреді.

6.1.44 ТО өкілі жазбаша жұмыстарды шифрлеу барысында әр жұмысқа мұқият қарап, арнайы шартты белгілердің жоқ екеніне көз жеткізуі керек. Арнайы шартты белгілері бар жұмыстар бөлек алынып, оларға «Акт» толтырылады (*қосымша 19*). Акт негізінде білім алушыға пән бойынша «0» балл, «F» («қанағаттанарлықсыз») баға қойылады.

6.1.45 Білім алушы жауап парағына тек көк түсті қаламмен (ручка) жазуы тиіс, қарындаш немесе басқа (қара, қызыл, жасыл т.б.) түсті қаламмен (ручка) жазылған

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 13-ші беті

жағдайда жұмыстар бөлек алынып, оларға «Акт» толтырылады. Акт негізінде білім алушыға пән бойынша «0» балл, «F» («қанағаттанарлықсыз») баға қойылады.

6.1.46 Тәртіп бұзған білім алушыға сол аудиториядағы бекітілген кестеде көрсетілген емтихан қабылдаушылар Акт толтырып, оның жазбаша жұмысын алып, өзін емтиханнан шығарады. Акт негізінде білім алушыға пән бойынша «0» балл, «F» бағасы қойылады, түзелген акт жұмыс комиссия өкіліне тапсырылады.

6.1.47 Жұмыс комиссия өкілі күн аяғында барлық түзілген актілер туралы мәліметті факультетке жеткізеді.

6.1.48 Факультет декандары академиялық адалдықты **қайталап бұзған** білім алушыларды Этикалық және тәртіп комиссиясына шара қолдануға ұсынады. Оқудың барлық академиялық кезеңінде академиялық адалдықты қайталап бұзу білім алушыны университеттен шығаруға негіз болып табылады.

6.2. Емтихан жұмыстарын тексеру

6.2.1 Аралық аттестаттау басталғанға дейін жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеру үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта (лекте) оқыту сабақтарын өткізбеген профессорлар-оқытушылар құрамы факультет деңгейінде өкіммен айқындалып, Тіркеуші офиске, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөліміне ұсынылады.

Жазбаша емтиханның жауап парақтары шифрланған соң сол уақытта тексеріледі.

Пән оқытушысы (лектор) оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері академиялық мерзім басында дайындап, силлабуста көрсетеді. Емтиханға келген білім алушының бағалау критерийлері туралы толық мағлұматы болуы керек. Жазбаша емтиханның жауап парақтарын тексеретін ПОҚ-ы **бағалау критерийлерін** қолданады.

Емтихан жұмыстарын бағалау силлабуста көрсетілген критерийлерге сәйкес 100-балдық жүйеде жүзеге асырылады.

6.2.2 Тексеру бейнекамералармен жасақталған арнайы аудиторияда немесе кабинетте жазбаша жұмыстарын тексеру орны өкілдерінің (қосымша 20) қадағалауымен жүзеге асырылады.

6.2.3 Емтихан жұмыстарын тексеру орнында жұмыс комиссиясы мүшелерінен басқа адамдардың болуына қатаң тыйым салынады.

6.2.4 Жазбаша жұмыстарды тексеру аяқталған соң, емтихан жұмыстарын ТО өкілдері арнайы бөлмеде шифрсыздандырады (қосымша 21).

6.2.5 Емтиханға қатысу парағына, жазбаша жұмыстардың алған нәтижелерін ТО өкілі толтырады, рәсімдеп (қол қойып), жазбаша жұмыстармен (күмән тудырған жұмыстар мен оларға толтырған Актпен қоса) бірге ТО тапсырады, қатысу парағы мен актінің көшірмесін ТО-та қалдырады. Қатысу парағы толтырылған болу шарт (келмеген білім алушыға «келмеген» белгі, актпен шығарылған білім алушыға «акт» белгі қойылады). ТО емтиханға қатысу парағында қойылған ұпайлардың автоматтандырылған жүйеге ендірілген бағалармен сәйкестігін тексереді.

6.2.6 Жазбаша жұмыстары мен бақылау парағы келесі аралық аттестаттауға дейін ТО сақталады. Қатысу парағы емтихан тізбесіне тіркеледі.

6.2.7 Емтихан нәтижелерін ТО қадағалауымен пән оқытушысы (лектор) университеттің автоматтандырылған yuu.edu.kz домені бар жүйесіне енгізуі тиіс.

6.2.8 Пән оқытушылары нәтижелері қойылған емтиханға қатысу және бағалау парақтарының түпнұсқаларын, емтихан билеттерін ТО өткізеді. ТО емтихан тізбелерін дайындап шығарады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 14-ші беті

6.2.9 Қос кезеңді емтиханның қорытындысы осы Ереженің 6.1.4-бабына сәйкес ТО қатысу парақтарындағы екі кезеңнің нәтижесі бойынша пән оқытушысымен қорытындыланады және университеттің автоматтандырылған ayu.edu.kz домені бар жүйесіне енгізіледі.

8.6.13 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлғалар келесі оқу жылында, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешікпей, ЖЖОКБҰ басшысының атына қайта қорытынды аттестаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

8.7 Білім алушыларды магистрлік диссертацияны (жобаны), докторлық диссертацияны қорғауға жіберу және қорғау рәсімі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 26-ші беті

8.7.1 Білім алушылар (магистрант) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда, немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда жарияланған ең кемі бір жарияланым бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі

8.7.2 Бітіру жұмысын қорғау ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда жүзеге асырылады. Талаптарға сәйкес ресімделген, ғылыми жетекшінің пікірі және сыртқы рецензенттер пікірі бар болған жағдайда магистрлік диссертация/жоба жұмысы қорғауға ұсынылады.

Магистрлік диссертацияны/жобаны шет тілінде дайындау және қорғау кафедрада таңдалған шет тілін меңгерген және кеңесші көмегін көрсетуге қабілетті маман болған жағдайда рұқсат етіледі.

8.7.3 Ғылыми жетекшінің және рецензент пікірлеріне қол қойылуы қажет және қолдары тиісті ұйымдардың мөрімен расталуы тиіс. Ғылыми жетекші және рецензент пікірлерінде магистранттың жасаған жұмысына қысқаша сипаттама береді, оның өзектілігін, теориялық пысықтау деңгейін және тәжірибелік маңыздылығын, магистранттың алдына қойылған міндеттерді шешуінің толықтығын, тереңдігін және түпнұсқалығын атап өтеді, сондай-ақ жұмыстың қорғауға дайындығы туралы ұсыныс береді. Ғылыми жетекшінің және рецензент пікірлерінде магистрлік диссертацияның/жобаның қойылатын талаптарға сәйкестік дәрежесі көрсетіледі (*Қосымша-27*).

8.7.4 Кафедра магистрлік диссертацияның/жобаның көпшілік алдында қорғауға дайындық дәрежесін анықтау мақсатында алдын ала қорғауды ұйымдастырады.

Диссертациялық жұмысты/жобаны көшіріп жазған мәтін алынған дереккөзге және оның авторына сілтеме жасамай пайдалану мәніне тексеру (диссертацияны плагиат мәніне тексеру) ҚР МЖМБС сәйкес жүзеге асырылады (мәтіні электрондық тасымалдауышқа жазылған болуы тиіс).

8.7.5 Рецензент университет ректорының бұйрығымен бітіру жұмысын қорғауға дейін бір айдан кешіктірмей біліктілігі (ғылыми дәрежесі) қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін; факультет декандарының ұсынысы негізінде тағайындалады. Рецензент Аттестаттау комиссияның мүшесі болмауы тиіс, магистранттың ғылыми жетекшісі, университет қызметкері болмауы тиіс. Рецензенттерді тағайындау туралы бұйрықты тіркеуші офис дайындайды.

8.7.6 Бітіру жұмысы сырттай рецензенттің теріс пікірі болған күннің өзінде қорғауға ұсыныла алады. Бұл жағдайда, рецензенттің диссертацияны қорғауға қатысуы міндетті.

8.7.8 Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау рәсімі

8.7.9 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау төменде аталғандар болған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланым немесе халықаралық не республикалық ғылыми конференцияда бір баяндама;
- шығарушы кафедраның қорғауға ұсыну туралы шешімі (кафедра мәжілісінің үзінді көшірмесі, Антиплагиат хаттамасы);
- сыртқы сарапшыдан бір рецензия;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 27-ші беті

– магистрлік диссертацияның/жобаның қағазға басып шығарылған және «PDF» пішімінде электронды тасымалдаушыға жазылған бір данасы.

Ғылыми жетекші **«қорғауға жіберілмейді»** немесе **«қорғауға ұсынылмайды»** деген теріс пікір берген жағдайда магистрант диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

8.7.10 Магистранттың оқудың барлық кезеңінде қол жеткізген оқу жетістіктері (GPA) туралы мәліметтерді факультеттер ұсынады.

8.7.11 Ғылыми жетекшінің қорғауға қатысуы міндетті. Ол негізді себеппен қорғауға қатыса алмаған жағдайда, қорғауды өткізу мүмкіндігі мәселесін АК шешеді.

8.7.12 АК-ның бір отырысында 15-20-дан аспайтын жұмыс тыңдалып, қорғауға қабылдануы мүмкін. Диссертацияны/жобаны қорғау АК ашық отырысында оның кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.

Факультет АК-ның келесі ақпаратты қамтитын тізімін ұсынады:

- магистранттың тегі мен аты;
- магистрлік диссертацияның/жобаның тақырыбы;
- ғылыми жетекшінің тегі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы;
- рецензенттің тегі, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы.

8.7.13 АК төрағасы диссертацияның қорғалатынын хабарлап (тізімге сәйкес қорғау тәртібімен), тақырыптың атауын, ғылыми жетекшінің және рецензенттің аты-жөнін, лауазымдарын, ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтарын жариялайды.

8.7.14 Магистрант жұмыстың мақсаты мен міндеттері; оның өзектілігі мен практикалық құндылығы; негізгі идеясы және қысқаша негіздемелерін бере отырып, аса маңызды тұжырымдарын баяндап, таныстырылым-баяндама жасайды. Баяндаманың ұзақтығы – 7-10 минут.

8.7.15 Жоба таныстырылған жағдайда, жобаның белгілі бір бөлімдерінің авторлары өз бөлімдері бойынша жеке-жеке баяндама жасайды.

8.7.15 Баяндамасын аяқталғаннан кейін магистрант(-тар) диссертация/жоба таныстырылымының мазмұны бойынша АК мүшелерінің сұрақтарына жауап береді.

8.7.16 Ғылыми жетекшінің пікірі тыңдалып, рецензенттің пікірі оқылады. Олар болмаған жағдайда пікірді АК хатшысы оқиды.

8.7.17 Магистрант(-тар) диссертация бойынша негізгі сұрақтарға немесе ескертулерге қысқаша жауап береді.

8.7.18 Диссертация / жоба бойынша кейінгі пікірталасқа қорғауға қатысушылардың барлығы қатысуға құқылы.

8.7.19 Магистрантқа қорытынды сөз беріледі.

8.7.20 Әрбір магистранттың диссертациясын қорғау нәтижелері бойынша АК мүшелерінің жабық кеңесінде диссертацияны қорғаудың қорытынды бағасы шығарылады және магистрантқа тиісті дайындық бағыты бойынша «магистр» дәрежесін беру (немесе оны алып тастау) туралы шешім қабылданады. Жұмыс баллдық әріптік жүйе бойынша бағаланады.

8.7.21 Бітіру жұмысын бағалау келесі өлшемдер бойынша жүзеге асырылады:

- тақырыптың өзектілігі және оның ашылу дәрежесі, зерттелетін мәселенің белгілі бір аспектілерін дамытудың қазіргі жағдайы мен келешегіне, магистрлік диссертацияларды/жобаны орындаудың жалпы мақсаттары мен практикалық міндеттеріне сәйкестігі;

- зерттеудің нысаны мен объектісін нақты анықтай білу, мақсат-міндеттерін және жұмыс гипотезасын қалыптастыра білу;

- диссертацияның/жобаның мазмұндық жағы: ұсынылған материалдың қисындылығы мен дәйектілігі, толықтығы мен репрезентативтілігі, жалпы сауаттылығы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 28-ші беті

- жұмыс тақырыбы бойынша монографиялық және мерзімді әдебиеттерге сыни талдау жасай білу, зерттелетін мәселе тарихының және оның қазіргі жай-күйінің сипаттамасын беру;

- алынған нәтижелерді талдай және жалпылай білу, негізді қорытындылар жасай білу және практикалық ұсыныстар бере білу;

- тағылымдама (практика) барысында алынған нәтижелердің шынайылығы және оларды пайдалану мен байқаудан өткізу дәрежесі;

- диссертация/жоба бойынша ғылыми жарияланымдардың болуы, магистранттың ғылыми конференциялар мен семинарларда жасаған баяндамалары;

- титул парағының, жұмыс мәтінінің, библиография мен қосымшалардың қабылданған стандарттарға сәйкес ресімделуі;

- диссертациялық жұмысты/жобаны қорғау: жұмыстың негізгі мазмұнын қысқаша баяндай білу және оның теориялық және практикалық маңызын көрсете білу; өз пікірін дәлелдей, қорғай білу, пікірталас жүргізе білу.

8.7.22 АК отырысының хаттамалары белгіленген тәртіппен ресімделеді. АК шешімдері осы Ереженің тиісті нысаны бойынша хаттамамен әрбір магистрантқа жеке ресімделеді.

8.7.23 АК отырысының хаттамалары осы Ереженің 28-29-қосымшаларына сәйкес АК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және Академиялық департамент директорының мөрімен бекітіледі.

8.7.24 АК әрбір мүшесінің бағасы хаттамаға қол қою арқылы расталады.

8.7.25 Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша факультет декандарының ұсынысы негізінде ЖЖОКБҰ басшысының магистранттар қатарынан оқудан шығару туралы бұйрығы шығарылады және магистратураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен магистрантқа «магистр» дәрежесі беріледі және дипломмен бірге оқу жоспарына сәйкес игерілген кредиттер саны мен олар бойынша алынған бағалар және оқылған пәндер тізімі қамтылған транскрипт беріледі.

8.7.26 Таңдалған мәселе бойынша ғылыми тұрғыда негізделген шешімдер берілген қызықты жұмыстарды ашық басылымдарда жариялау және/немесе практикаға, университеттің оқу үдерісіне енгізу үшін ұсынуға болады.

8.7.27 АК жұмысы біткеннен кейін барлық хаттамалар университет мұрағатына сақтауға тапсырылады.

8.7.28 АК-тың жұмысы аяқталған күннен кейін оның төрағасы білім алушылардың қорытынды аттестаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде университет Сенат отырысында талқыланады және бекітіледі. АК төрағасының магистранттарды қорытынды аттестаттау жөніндегі есебіне осы Қағидалардың келтірілген кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Түсіндірме жазбада мыналар көрініс табады:

- аталған ББ бойынша магистрлардың дайындық деңгейлері;
- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындаудың сапасы;
- магистрлік диссертация (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;
- аталған ББ бойынша магистрларды даярлау сапасына талдау;
- магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;
- магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау деңгейінің кафедра шешіміне, ғылыми жетекшісінің пікіріне, рецензиясына сәйкестігі;
- магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдамалар.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 29-ші беті

8.7.29 Жоғары білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), білім беру бағдарламасы және берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, білім беру ұйымының басшысы қол қойып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады және университет сайтына шығарады.

Докторлық диссертацияны қорғауға ұсыну

8.7.30 Докторант тиісті жоғары оқу орнының Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына және Диссертациялық кеңес туралы ережесіне сәйкес диссертациялық кеңеске қажетті құжаттар тізбесін ұсынады.

8.7.31 Университет қорғауға жіберілген докторанттың диссертациялық жұмысын қарауға қабылдау туралы өтінішпен диссертациялық кеңеске қатынас хат жібереді. Диссертацияны қорғау рәсімі қабылдаушы ЖЖОКБҰ талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.7.32 Бейін бойынша PhD докторы дәрежесін Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті диссертациялық кеңестердің қолдау хаттары негізінде, Комитеттің консультативтік-кеңесші органы болып табылатын тиісті сараптамалық кеңестің қорытындыларын ескере отырып, докторантурада оқуды аяқтаған Қазақстан азаматтарына, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға береді.

8.7.33 Диссертация ғылыми дәрежелерін алу үшін докторанттар ұсынған Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкестігін бағалауды Комитет жүзеге асырады.

8.7.34 Диссертацияны қорғау үшін құжаттарды уақтылы ұсынбаған (ХҚТУ докторантурасындағы оқуын аяқтағаннан кейінгі жырты жылдан кешіктірген) жағдайда, докторант шығарушы кафедрада алдын ала қорғаудан қайта өтеді, ол үшін:

- ректор атына диссертацияны қайта алдын ала қорғау рәсімінен өтуге рұқсат беру туралы өтініш жазады;
- ХҚТУ докторанты диссертацияны қайта алдын ала қорғау рәсімінен тегін негізде өтеді;
- шығарушы кафедра ғылыми зерттеу нәтижелері туралы тыңдап, диссертацияның қорғау талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды шығару үшін кафедраның кеңейтілген отырысын ұйымдастырып, сол отырысты өткізгеннен кейін докторантқа хаттаманың үзінді көшірмесін береді;
- ЖБҚББ диссертацияны қорғауға қабылдау туралы ректордың қолы қойылған ұсынымхат дайындап, диссертациялық кеңеске ұсынады;

Бітіру жұмысын қайта қорғауы және қорғауды ауыстыру (Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша)

8.7.35 Білім алушы қорғауға дәлелді себептермен қатыспаған жағдайда АҚ қорғауды неғұрлым кейінгі мерзімге (1 (бір) жылдан аспайтын уақытқа) ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

9. АТТЕСТАТТАУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ АПЕЛЛЯЦИЯ ӨТКІЗУ

9.1 Апелляциялық комиссия университеттің барлық білім беру бағдарламаларындағы білім алушылардың (тыңдаушылар, бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және PhD докторантура) аралық және қорытынды аттестаттаудан, «Қазақстан тарихы» пәнінен Мемлекетті емтиханнан өту кезінде білім

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 30-ші беті

бағалауға қатысты даулы мәселелердің шешілуі мен бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

9.2 Егер білім алушы қойылған бағаның дұрыс емес екеніне сенімді болса, онда оны апелляциялық комиссиясының төрағасына өтініш жазуына болады. Өтініш аттестаттау нәтижелері шыққаннан кейін бір жұмыс күні ішінде қарастырылады.

9.3 Апелляциялық комиссия құрамына: төраға, төраға орынбасары, апелляцияланатын пән профиліне біліктілігі сәйкес келетін үш оқытушы-профессор құрамынан жасақталған комиссия мүшелері кіреді. Апелляциялық комиссия құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9.4 Өтінішті апелляция комиссиясы төрағасының атына білім алушы жеке өзі беруі керек осы Ереженің 30-қосымшасына сәйкес. Апелляцияға екінші тұлғадан, білім алушының ата-анасы тарапынан өтініш қабылданбайды.

9.5 Апелляцияға өтінішті білім алушы оқитын факультеттегі декан орынбасары қабылдап, білім алушының өтініші мен жұмысын апелляцияланатын пәнді қарастыратын комиссия құрамына өткізеді.

9.6 Апелляция өтініш білдірген білім алушының қатысуынсыз қарастырылуы мүмкін.

9.7 Апелляция комиссиясының мәжілісіне өзге тұлғалардың қатысуына тыйым салынады.

9.8 Апелляция үш кезеңде өтеді:

- өтініштерді қабылдау – емтихан нәтижесі автоматтандырылған жүйеге қойылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

- апелляциялық комиссияның апелляциялық өтінішті, алынған жұмыстың нәтижелерін қарауы және шешім қабылдауы өтініш бергеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асады.

9.9 Апелляциялық комиссия білім алушылардың өтініштерін (шағымдану себептерін нақтылап жазуы керек) мына мәселелерге байланысты қарайды:

- сұрақтың дұрыс тұжырымдалмағанына (тест тапсырмасы үшін);

- мазмұны бойынша оқу бағдарламасына сәйкес келмеуіне.

9.10 Егер мәжіліске төраға немесе төраға орынбасарымен қоса есептегенде, ең кемі Комиссияның үш мүшесі қатысса, комиссия шешім қабылдауға құқылы.

9.11 Апелляциялық комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

9.12 Апелляцияны қарау барысында, Комиссия мүшелері, емтиханды тапсыру нәтижелерінің бағасы туралы дәлелді, жазбаша қорытынды шығарады, хаттама толтырады (қосымша 31).

9.13 Апелляциялық комиссия білім алушыға қосымша сұрақтар қоюға және жазба жұмысына түзетулер енгізуге құқығы жоқ.

9.14 Апелляциялық комиссияның емтиханда қойылған бағаны күшінде қалдыруға, жоғарылатуға немесе төмендетуге құқығы бар.

9.15 Апелляциялық комиссия мүшелері апелляцияларды қарау мерзімінің ереже талаптарынан тыс созылып кетуіне мүмкін мәселелер мен қиындықтар туралы төрағаға уақытылы хабарлап отыруға, апелляциялық жұмыстарға байланысты құпиялықты сақтауға, өздеріне жүктелген қызметтерді жоғары кәсіби деңгейде орындауға міндетті.

9.16 Апелляциялық комиссияда келіспеушілік туындаған жағдайда дауысқа салу жүргізіледі, шешім көпшілік дауыспен бекітіледі. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

9.17 Апелляция бойынша қойылған баға жөніндегі апелляциялық комиссияның шешімі соңғы шешім болып есептеледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 31-ші беті

9.20 Апелляция комиссиясының хаттамада бекіткен шешімі ТО жіберіледі. Шешімнің негізінде білім алушыға жеке емтихан тізімдемесі жасалып, ол негізгі емтихан тізімдемесіне қоса тіркеледі.

9.21 Тізімдемеге төраға, тең төраға, комиссия төрағасының орынбасары және апелляция комиссиясының мүшелері қол қояды.

9.22 Хаттама қатаң есептік құжат ретінде бір оқу жылы ішінде Тіркеуші офисте, ал тізімдеме деканатта сақталады.

9.23 Апелляциялық комиссия емтихан сұрақтарын оқу бағдарламасына сәйкес емес, дұрыс емес деп тапқан жағдайда, апелляциялық комиссия төрағасы берілген сұрақтарды құрастырушы оқытушыларға, кафедра меңгерушісіне, қатысты тәртіптік шара қолданылуы жайлы университеттің тәртіпті комиссиясына ұсыныс беруге міндетті.

10 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

10.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

10.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс.

11 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Университет ережесінің талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

11.2 Университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департаментке және ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөліміне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, офис тіркеуші.

11.3 Университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

11.4 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық департамент және ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімі жауапты болып табылады.

11.5 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын сала бойынша вице-ректорлар қадағалайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Қаржы және халықаралық байланыстар
вице-ректоры

Стратегиялық даму, рейтинг
және сапа орталығының басшысы

Заң бөлімінің басшысы

Э.Идрисова

Мустафа Нурсой

С.Кырыкбаева

Г.Мусаханов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 32-ші беті

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша 1

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз

Қосымша 2

Білім алушылардың шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) дәстүрлі бағалар шәкілесіне сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыреті (бұдан әрі – ОЕК) бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A1, A2, B1, B2, C1, C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B+	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	
	F	F, FX	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 33-ші беті

Қосымша 3

Ф-ОБ-001/003

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Вице-ректор

_____ аты-жөні

« _____ » _____ 20__ ж

**Күндізгі оқу түрі білім алушылардың
күзгі семестрдегі пәндер бойынша емтихандарды қабылдау түрі**
(бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура, докторантура)
20__-20__ оқу жылы

_____ факультеті

ББ шифрі, аты	курс	Семестр	Пән аты	Кредит саны	Қабылдау түрі	Тапсыру тілі	Пән оқытушысының аты-жөні

Университеттің Оқу әдістемелік комитетінде талқыланды. Хаттама №....., 20__ ж.

Факультеттің Оқу-әдістемелік комитетінде талқыланды. Хаттама №....., 20__ ж.

Академиялық департамент директоры..... (қолы, аты-жөні)

_____ факультетінің деканы (қолы, аты-жөні)

Кафедра меңгерушілері:

1. Кафедра атауы.....кафедра меңгерушісінің (қолы, аты-жөні)
2. Кафедра атауыкафедра меңгерушісінің (қолы, аты-жөні)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 34-ші беті

Қосымша 4

Ф-ОБ-001/019



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

20__ - 20__ оқу жылы

Қорытынды аттестаттау

Пән атауы: Кешенді емтихан

Уақыты: ____ . ____ . 20__ ж.

- 1.
- 2.
- 3.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 35-ші беті

Қосымша 4-1

Ф-ОБ-001/019-1



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

20__-20__ оқу жылы

Мемлекеттік емтихан билеті

Пән атауы: Қазақстан тарихы

Уақыты: __.__.20__

1. Сұрақтың мәтіні(Максималды: 20 балл)
2. Сұрақтың мәтіні(Максималды: 30 балл)
3. Сұрақтың мәтіні (Максималды: 50 балл)

№	Максималды ұпай саны	Комиссия құрамының бағалаған ұпайы		Комиссия құрамының қолы
		санмен	жазбаша	
1.	Деңгей-1 20			1.
2.	Деңгей-2 30			2.
3.	Деңгей-3 50			3.
Жалпы ұпай: 100				4.
				5.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 36-ші беті

Қосымша 5

Менгеру деңгейі	Аталмыш деңгей жетістіктері туралы көрсеткіштер	Жауап жазу (жауап беру) кезіндегі мүмкін болатын оқу материалдары (элементтері) бойынша әрекеттер мазмұны
1	2	3
1. Білу (еске сақтау)	- терминологияны білуі; - нақты материалды білуі.	 жүйелеуі, жинақтауы, анықтауы, сипаттауы, жаңғыртуы, атап шығуы, талдауы (талдап шығуы), белгілеуі, категориялауы (категоризировать), есінде сақтауы, атауы, реттеуі, суреттеуі/түсіндіріп айтуы, ұсынуы, сілтеме жасауы, еске түсіруі, тануы, тіркеуі, әңгімелеуі, арақатыстығын белгілеуі, қайталауы, көрсетуі, тұжырымдауы, жазуы
2. Түсіну	- мазмұнын ашуы (метафораны (сөзді немесе сөйлемді басқаша, ауыспалы мағынада қолдануы) түсіне білуі, математикалық символдарды, өрнектердің мәнін ашуы); - интерпретация, яғни өз сөзімен қайта айтып беруі, түсініктеме бере білуі; - экстраполяция немесе тасымалдауы, яғни алған білімін басқа салада қолдануы, тарата білуі, қандай да бір құбылыстың және оқиғалардың болуын әңгімелеп беруі.	байланыстыруы, өзгертуі, нақтылауы, таптастыруы, тұрғызуы, сәйкес қоюы, түрлендіруі, талдауы, қуаттауы, сипаттауы, айырмашылығын келтіруі, анықтап тануы, талқылауы, бағалауы, түсіндіруі, білдіруі, қорытынды шығаруы, талдап қорытуы, айқындауы, иллюстрация жасауы, көрсетуі, қорытынды жасауы, өз бетінше түсіндіруі, жүйелеуі, өз сөзімен мазмұндауы, болжам жасауы, сипаттауы, қайта тұжырымдауы, шолу жасауы (сыни), таңдауы, шешуі, аударуы (тілдерге).
3. Қолдану	- нақты жағдайларда түсініктер мен абстрактілі білімді тарата білуі, практикалық міндеттерді шешуге теориялар мен заңдарды қолдана білуі. Нақты материалды пайдалану тәсілдерін білуі: - қолдану аясын білуі; - даму тенденцияларын білуі (білім нені болжайды, нақты құбылыс қандай бағытта дамуда, қандай ықпалы бар), - таптастыруды (классификациялау) және категорияларды білуі; - критерийлерді білуі; - жұмыс әдістерін білуі.	қолдануы, бағалауы, есептеуі, өзгертуі, таңдап алуы, аяқтауы, есептеп шығаруы, тұрғызуы, демонстрациялауы, әзірлеуі, ашуы, инсценировать ету, пайдалануы, зерттеуі, эксперимент жүргізуі, іздеуі, иллюстрациялауы, өзбетінше түсіндіруі, амал жасауы, жетілдіруі, пайдалануы, ұйымдастыруы, тәжірибеде қолдануы, алдын ала айтуы, әзірлеуі, жасауы, арақатыстығын белгілеуі, жоспарлауы, көрсетуі, ортақ белгілерін сипаттауы, есептерді (міндеттерді) шешуі, жеткізуі/беруі
4. Талдау	– хабарламаларды оны құрайтын элементтерге бөлуді жүргізе білуі: - элементтерді талдауы – барлық қатысты элементтерді тани білуі; - қатынастарды талдауы (сөйлем мүшелерінің орналасуының	талдауы, бағалауы, жүйелеуі, бөлуі, есептеуі, таптастыруы, салыстыруы, байланыстыруы, сәйкес, қарама-қарсы қоюы, сын айтуы (мінеу), талқылауы, шығаруы, айырмашылықты келтіруі, бөлуі, ұсақтауы/тармақтауы, зерттеуі,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 37-ші беті

	бірізділігін анықтауы мен мүшелей білуі); - ұйымдастырушылық принциптерді талдауы (жекелеген элементтер арасындағы өзара байланысты және құрылымын түсіне білуі).	<i>эксперимент жасауы, анықтауы, көрсетуі, қорытынды жасауы, тексеруі, мәліметтер жинақтауы, реттеуі, схемада бейнелеуі, белгілеуі, қарауы, арақатыстығын белгілеуі, тексеруі.</i>
5. Бағалау	Бағалау критерийлерге қатысты материалды бағалай білуді немесе жұмыс әдісін білдіреді. Оны құраушылар: - өзінің жеке критерийлері жағынан бағалауы; - берілген критерийлерге қатысты бағалауы.	<i>талдау жасауы, белгілеуі (анықтауы), аргументтеуі, бағалауы, мән беруі, таңдап алуы, салыстыруы, қорытынды шығаруы, қарама-қарсы қоюы, көз жеткізуі, сын айтуы (мінеу), шешім қабылдауы, қорғауы, өзгеше жүргізуі, түсіндіруі, өз пікірін келтіруі, рәнгілеуі, өзінше түсіндіруі, талқылауы, дәлелдеуі, анықтауы, болжауы, қарастыруы, ұсынуы, арақатыстығын белгілеуі, рұқсат етуі (мәселеге).</i>
6. Құру	- өз бетімен ойын айтып жеткізуі (шығарма жазуы, көргендері туралы әңгімелеп беруі); - жоспар құруы (жұмысты орындаудың немесе белгіленген әрекеттің жоспарын құра білуі); - абстрактылы байланысты белгілеуі; - принциптер мен талдап қорытуды білуі; - теориялар мен оларды құруды білуі.	<i>Тұжырымдаңыз, құрыңыз, таңдаңыз, түрлендіріңіз, болжаңыз, шешімін табыңыз, жетілдіріңіз, жасаңыз, талқылаңыз, біріктіріңіз, жобасын жасаңыз, дамытыңыз, жоспарлаңыз, жобалаңыз, құрылымдаңыз, құрастырыңыз, әзірлеңіз</i>

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 38-ші беті

Қосымша 6

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ЖАЗБАША ЖҰМЫСТЫ ТЕКСЕРУШІ

Міндетті:

1. Пән бойынша оқу бағдарламасын білуге;
2. Пән оқытушысының аралық аттестанды бағалау критерийлерін білуге (силлабусқа сәйкес);
3. Емтихан біткеннен соң 24 сағаттың ішінде тексеру орнына келіп, жазбаша жұмыстарды тексеруге және 100 ұпайлық жүйе бойынша бағалауға;
4. Тексеру орнында тәртіп және тыныштық сақтауға;
5. Басқа тексерушілердің жұмысына кедергі жасамауға;
6. Тексеру орнынан шыққан жағдайда, жазбаша жұмыстарды тексеру орнының өкіліне өткізуге және бұл жайлы конвертке сәйкес жазба қалдыруға.
7. Жауап парағындағы баға қою шкаласын дұрыс толтыруға.

Тыйым салынады:

1. Тексеру барысында ұялы телефонмен сөйлесуге немесе басқа да өз шаруаларымен айналысуға.

Жазбаша жұмысты тексеруші емтиханға қойылған бағалардың объективтілігіне **толық жауап береді**. Қойылған баға апелляциялық комиссия шешімі негізінде **өзгертілген** жағдайда жазбаша жұмыс тексеруші университеттің профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративті мәдениет кодексін бұзған болып саналып, оған тәртіптік шара қолданылады.

*- пәндер бойынша жазбаша жұмыс тексерушілердің тізімі кафедра меңгерушісінің өкімімен бекітіледі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 39-ші беті

Қосымша 7

Ф-ОБ-001/222

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Емтиханды бағалау парағы
(Объективті құрылымдық клиникалық емтихан)

Білім алушының шифрі: _____

Құзіреттілік №	Реттік саны	Дағдыны жасау алгоритмі	Бағалау критерийі		
			Жоқ	Ия, бірақ әлі де жетілдіру керек	Ия
			0	1	2
	1				
	2				
	3				
	4				
	5				
	6				
	7				
	8				
	9				
	10				
	11				
	12				
	13				
	14				
	15				
	16				
	17				

Тапсырмаға берілген уақыт - 5 мин.

Ескерту: Емтиханды бағалау парағы цифрлық жүйеде сақталады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 40-ші беті

Қосымша 8

Ф-ОБ-001/227

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Симуляциялық орталық
Объективті құрылымдық клиникалық емтиханның (ОҚКЕ) нәтижелері

Пәннің атауы _____

№	Тобы	Білім алушының аты-жөні	Тақырып саны	Қорытынды%	Соңғы уақыты
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					
12					
13					
14					
15					
16					
17					
18					
19					
20					

Симуляциялық орталықтың жауапты маманы: _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 41-ші беті

Қосымша 9

Ф-ОБ-001/221

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Емтиханды бағалау парағы (шығармашылық, тәжірибелік, жоба қорғау, эссе) қажеттісі жазып көрсетіледі

Күні _____
Білім алушының аты-жөні _____
Факультеті _____
Білім беру бағдарламасы _____
Курсы _____
Пәннің атауы _____

№	Бағалау критерийі	Бағалау шкаласы	Баллы
	Жалпы балл:		

Ескерту: Емтихан жұмысын бағалау 100-баллдық жүйеде жүзеге асырылады.

Тапсырмаға берілген уақыт – _____ минут
Жинаған баллы: _____ (_____)
Емтихан қабылдаушы _____ Қолы _____
Комиссия мүшелері: _____ Қолы _____
_____ Қолы _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 42-ші беті

Қосымша 10

Ф-ОБ-001/220

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ
(дене шынықтыру пәнінен емтихан үшін)

Күні _____

Факультет: _____

ББ шифрі және аталуы: 6B0

Курс __ Семестр __

Пән атауы: _____

№	Білім алушының Т.А.Ә.	Емтихан билетінің №	Баға			Қорытынды баға
			1-сұрақ	2-сұрақ	3-сұрақ	

Ескерту: Емтихан жұмысын бағалау 100-баллдық жүйеде жүзеге асырылады.

Емтихан қабылдаушы _____ Қолы _____

Комиссия мүшелері: _____ Қолы _____

_____ Қолы _____

Факультет тіркеуші офисі _____ Қолы _____

Факультет әдіскері _____ Қолы _____

Қосымша 10А

Әлеуметтік-саясаттану білім модулінің пәндерін бағалау және емтихан өткізу тәртібі

Әлеуметтік-саясаттану білім модулінің пәндерін бағалау және емтихан өткізу тәртібі төмендегідей:

1. Әлеуметтік-саясаттану білім модулі бойынша емтихан кешенді тест түрінде өткізіледі.
2. Төрт пәннен емтихан бір күнде ұйымдастырылып, білім алушы барлық пән бойынша бір кіргенде тапсыруы қамтамасыз етіледі.
3. Әр пән бойынша жеке-жеке емтиханға жіберіліп, бөлек бағаланады.
4. Емтихан сұрақтарының құрылымы төмендегідей белгіленед:
 - 100 сұрақ, әр пән бойынша 25 сұрақ;
 - Емтихан уақыты – 120 минут;
 - Әр дұрыс жауап – 4 балл.
5. Оқытушылар емтихан сұрақтарын әр пән бойынша 240 сұрақ көлемінде дайындап, бір жауапты оқытушы Өлшеу және бағалау секторына тапсырады.
6. Емтихан сұрақтары Блум таксономиясының «Түсіну» және «Қолдану» деңгейінде әзірленеді:
 - 120 сұрақ – түсіну деңгейінде;
 - 120 сұрақ – қолдану деңгейінде.
7. Егер білім алушы жеке пәннен F немесе FX "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда қайта тапсыру төмендегідей ұйымдастырылады:
 - 1 пәннен – 25 сұрақ - 30 минут.
 - 2 пәннен – 50 сұрақ (25+25) – 60 минут.
 - 3 пәннен – 75 сұрақ (25+25+25) – 90 минут.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 43-ші беті

Қосымша 11

Ф-ОБ-001/223



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

20__-20__ оқу жылының көктемгі аралық аттестаттау

Емтихан билеті

Пән атауы: _____

Уақыты: _____

1. (Максималды: 20 балл) Рим азаматтарының құқықтық жағдайын анықтаңыз
2. (Максималды: 30 балл) Легаттар мен фидеикомистерді түсіндіріңіз
3. (Максималды: 50 балл) Рим құқығында заем (mutuum) менсуда (commodatum) шарттардың мазмұнын көрсетіңіз

№	Максималды ұпай саны	Оқытушының бағалаған ұпайы		Оқытушының қолы
		санмен	жазбаша	
1.	Деңгей-1 20			
2.	Деңгей-2 30			
3.	Деңгей-3 50			
Жалпы ұпай: 100				

Орындаушы: Абекова Л. ЖҚБ саны: 1 Билет саны: 18
Баспадан шыққан мерзімі: _____ уақыты _____

Құрылған мерзімі: _____
уақыты _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 44-ші беті

Қосымша 12

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ӨЛШЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Міндетті:

- 1.Емтихан өткізу кезеңіне қатысты барлық ережелерді білуге;
- 2.Пән бойынша емтиханнан бір апта бұрын арнайы компьютерлік бағдарлама көмегімен емтихан билеттерін білім алушылардың санына сәйкес бастырып шығару (емтихан билеті жауап парағының бірінші беті болып табылады);
- 3.Әр білім алушының емтихан билетінің артына екінші таза жауап парағын және олар үстіне шифрлеу түбіртегін степлер арқылы бекітуге (әрі қарай жауап парақтары деп аталады);
- 4.Әр жауап парағына Өлшеу және бағалау секторының мөрін басып шығуға;
- 5.Жауап парақтар санының білім алушылар санына сәйкестігін қайта тексеруге;
- 6.Емтихан аудиториясы мен емтихан өту уақыты көрсетілген конвертке жауап парақтарын салуға;
- 7.Әр білім алушыға Өлшеу және бағалау секторының мөрі басылған қосымша бір жауап парағын конвертке салуға;
- 8.Емтиханнан шығарылу актінің бес данасын конвертке салуға;
- 9.Конверттің бүтіндігін қамтамасыз ету мақсатында желімденген жерге Өлшеу және бағалау секторының мөрін басуға және растап қол қоюға.
- 10.Конвертке салынған емтихан сұрақтарын емтихан өтетін аудиторияға уақтылы жеткізіп, емтихан қабылдаушыға өткізуге.

Тыйым салынады:

1. Емтихан билеттері сақталатын бөлмеге бөгде тұлғаларды кіргізуге;
- 2.Бөгде адамдарды жұмысқа қатыстыруға;
- 3.Емтихан сұрақтарын бөгде тұлғаларға хабарлауға және/немесе жариялауға;
- 4.Емтиханнан шығу актілерін өзіне алып қалуға.

* емтихан құжаттарына негізгі және қосымша жауап парақтары, емтиханнан шығарылу актісі (толтырылған және пайдаланылмаған) және емтиханға қатысу парағы кіреді.

** факультеттің мөрі басылған қағаздар біткенге дейін.

Аталған ережені **бұзған** өлшеу және бағалау секторының қызметкері университеттің профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративті мәдениет кодексін бұзған болып саналып, оған **тәртіптік шара қолданылады**.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 45-ші беті

Қосымша 13

Ф-ОБ-001/218

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Емтиханға қатысу парағы

(шығармашылық, тәжірибелік, жоба қорғау, жазбаша, эссе, мемлекеттік емтихан)
қажеттісі жазып көрсетіледі

Күні _____ Ауд _____

Факультет: _____
ББ шифрі және аталуы: 6B0 _____ - _____
Курс ____ Семестр ____
Пәннің атауы: _____
Пәндік лек: _____
Пән оқытушысы (лектор): _____

№	Білім алушының аты-жөні	Білім алушының кіргені туралы қолы	Жұмыс шифры	Емтихан нәтижесі
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				

Факультет тіркеуші офісі _____ / _____
Аты-жөні _____ Қолы _____

Емтихан қабылдаушы _____ / _____
Аты-жөні _____ Қолы _____
_____ / _____
Аты-жөні _____ Қолы _____
_____ / _____
Аты-жөні _____ Қолы _____
_____ / _____
Аты-жөні _____ Қолы _____

Факультет әдіскері _____ / _____
Аты-жөні _____ Қолы _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 46-ші беті

Қосымша 14
Ф-ОБ-001/219

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Емтиханға қатысу парағы
Тест-ЭЕМ

Күні _____ Ауд _____

Факультет: _____
ББ шифрі және аталуы: 6B0 _____ - _____
Курс _____ Семестр _____
Пәннің атауы: _____
Пән оқытушысы (лектор): _____

№	Білім алушының аты-жөні	Білім алушының кіргені туралы қолы	Аудитория нөмірі	Емтихан нәтижесі	Білім алушының емтихан нәтижесімен танысқаны туралы қолы

Факультет тіркеуші офісі _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
Тест емтиханға жауапты өкіл _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
Емтихан қабылдаушы _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
_____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
Факультет әдіскері _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы

Қосымша 14А
Ф-ОБ-001/219А

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Емтиханға қатысу парағы
Тест-ЭЕМ

Күні _____ Ауд _____

Факультет: _____
ББ шифрі және аталуы: 6B0 _____ - _____
Курс _____ Семестр _____
Пәннің атауы: _____
Пән оқытушысы (лектор): _____

№	Білім алушының аты-жөні	Білім алушының кіргені туралы қолы	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі емтихан нәтижесі				Білім алушының емтихан нәтижесімен танысқаны туралы қолы
			Әлеуметтану	Саясаттану	Мәдениеттану	Психология	

Факультет тіркеуші офісі _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
Тест емтиханға жауапты өкіл _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
Емтихан қабылдаушы _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
_____ / _____
Аты-жөні _____ қолы
Факультет әдіскері _____ / _____
Аты-жөні _____ қолы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2024
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	2-ші нұсқа
Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі		68 беттің 47-ші беті

Қосымша 15

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ДЕКАН ОРЫНБАСАРЫ

